

FTAMP: [17.82.09](#)

**А.Н.Жұматаева**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Алматы қ., Қазақстан

[aidanaz@mail.ru](mailto:aidanaz@mail.ru)

[ORCID: 0000-0003-2236-9549](#)

## **Т.СӘУКЕТАЕВТЫҢ «АЙҚАРАҢҒЫСЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ЗАМАНА ШЫНДЫҒЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жазушы Т.Сәукетаевтың 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі хақында жазылған «Айқараңғысы» романына ғылыми тұрғыда талдау жасалады. Автор романдағы тарихи шындық пен көркемдік шешім ара қатынасын, адам тағдыры мәселесін жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар жазушы дискурсындағы пейзаждық суреттеулердің символдық мәні, автор образының поэтикасы түсіндіріледі. Мақалада авторлық баяндау арқылы көрініс беретін саяси жүйе дәрменсіз еткен жандардың ішкі жан әлемі, психологиялық күйі зерделенеді. Және шығарма сюжетінде суреттелетін кеңестік кезеңдегі ұлттық мүддеге қарсылық, ар-намысты аяқ асты ету сынды саяси-әлеуметтік факторлардың күрескерлік идеяға жетелеуі сөз етіледі. Жазушының образ сомдау, сюжет дамыту, авторлық мақсатты жүзеге асыру тәсілдеріне шолу жасалады.

**Кілт сөздер:** желтоқсан шындығы, роман, пейзаж, ішкі монолог, ұлттық намыс, символдық бейне, культтық ұғым, ұлттық трагедия.

**Кіріспе.** Қазақ халқы өз тарихында небір нәубетті, қысылтаяң заманды басынан кешірді. Соның бірі кешегі шектен шыққан тоталитарлық жүйеге қарсы бас көтерген қазақ жастарының ар-намысы мен рухын аяусыз таптаған желтоқсан көтерілісі болатын. Бұл қасіретті оқиға ұзақ жылдар бойы еліміз үшін, жалпы қазақ әдебиеті үшін «жабық тақырыпқа» айналды. Дегенмен сол бір оспадар саясаттың салдарын арқау еткен бірлі-жарым шығармалар кеңестік дәуірде жарық көргенімен, аталмыш тақырып тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана әдеби сипат алып, ұлттық демократияның бастауы ретінде бағалана бастады. Ұлтымыздың қилы тарихындағы осы күрделі кезең саналатын Желтоқсан көтерілісі туралы жазылған шығармалардың ішіндегі шоқтығы биік, сүбелі туынды – Тұрысбек Сәукетаевтың «Айқараңғысы» романы. Романда адам құқығының аяқ асты болуы, өмір бойы ұлттық мүддеге қарсы саяси жүйенің шылауынан шыға алмаған, адалдық пен екіжүзділік, сатқындық пен әділетсіздік жайлаған қазақ қоғамының ақиқаты боямасыз суреттеледі.

«Тарихи роман жазушысынан талап етілетін нәрсе, әрине, өзге қаламгерлерге де қойылатын талаппен бірдей. Яғни, жанды және мәңгілік образдарды туғызу, көркем әрі жүйелі баяндау тәсілі, сол дәуірдің толық бейнесін беретін нақты стиль, көне дәуірді нақты елестететін суреттеу айшықтары, психологиялық талдаулар... Диалогтағы табиғилық және жандылық, романның бүкіл желісін қаумалаған дүниетаным, күштеп мойындатуға тырысқан ойлар мен көзқарастар» [Әбелдаев Ж.Ә., Хабаршы]. Бұл аталған әдеби категориялар мен сипаттамалар жазушы романында орнықты көрініс береді.

**Әдістер.** Мақалада әлі күнге дейін ақиқаты толық айтылмай келе жатқан қазақ тарихындағы ақтандақ оқиғалардың бірі – желтоқсан көтерілісінің шындығы бейнеленген

Т.Сәукетаев романындағы көпшілікке жария етілмеген тарихи фактілерді, қиял мен шындық бірлігінің тұтасу мәселелерін авторлық таным тұрғысынан зерделеу мәселесіне назар аударылды. Жазушының өмірлік шындықты көрсетудегі көркемдік тәсілдеріне талдау жасау барысында теориялық, жүйелілік-құрылымдық, стильдік, сюжеттік-композициялық, шығарманың тарихи талдануы сынды әдістер қолданылды.

**Нәтижелер.** Профессор Ш.Елеукуеновтің тұжырымына сәйкес, тәуелсіздіктен кейінгі әдеби кезеңді шартты түрде онжылдықтарға бөліп қарастыратын болсақ, әр онжылдық өзіндік идеялық-эстетикалық, жанрлық-поэтикалық, пішімдік ерекшелігімен дараланады. Жалпы алғанда, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ қаламгерлері тарихи тақырыптарды көбірек қаузады, ел басына төнген зұлмат жылдардың шындығын әшкерелеуге ұмтылды. Ал бұл кезең жайлы тәуелсіз қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын қалаған көрнекті ғалымдар «таптық әдебиет пішімін өзгертіп, ұлттық әдебиет жалауын көтеріп, соны өріске бет түзеген, сан салалы, көп мағыналы, күрделі өмір кешкен қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі» деп сипаттама береді. Азаттық алғаннан кейін ғана кеңестік идеология тұсында жазу былай тұрсын, тіпті айтуға тыйым салынған «жабық» тақырыптарға қаламгерлердің еркін көсілулеріне мүмкіндік туды. Расында да осы кезеңнен бастап қазақ халқының басынан кешкен қасіретті жылдардың ащы шындығын көркем әдебиет арқылы шынайы сезіне алдық. Осы орайда, тағы да «Тәуелсіздік заман биігі – мәні жағынан бүгінгі қазақ елі үшін ең қымбат ұғым. Өз үйінде отырсаң да әлдебіреудің үйіне қоңсы қонғандай сезінетін бодандық санадан не шындықты іркіліссіз, жалтақсыз айтуға жол ашатын азат санаға көшкенімізді аңғартады», [Елеукуенов Ш., 2007] – деген Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ғалым, әдебиет сыншысы Ш. Елеукуеновтің пайымдамасына назар салсақ, азаттықтың ұлттық әдебиетімізге тигізген әсерін ұғына түсеміз. Жазушы Т.Сәукетаев ұлт тарихындағы осы бір қилы кезең – Желтоқсан көтерілісінің әділетсіз сипатын «Айқараңғысы» романында мейлінше терең әрі шынайы ашып көрсетеді. Қаламгер кемерінен асып, шегіне жеткен кеңестік кезеңнің ащы шындығын кейіпкер монологы арқылы былайша жеткізеді: «Неткен сорлылық! – деді тістеніп. – Өтірік шаттанамыз, өтірік жылаймыз. Шын қуанатын нәрсеге қуанбаймыз, шын жылайтын жерде жыламаймыз. Ісіміздің бәрі өтірік, бәрі жалған. Бірақ солай істеп жүргенімізді өзіміз аңғармаймыз. Өйткені өмірдің өзі өтірік: радио өтірік айтады; газет өтірік жазады; телевизор өтірік көрсетеді; көсемдер өтірік көлгірсиді... Бәрі өтірік! Шындық, міне, жаралы күймен жабырқап, өксіп көз алдында тұр: ол мынау терезесі қырық құрау, қабырғасы шыт-шыт айрылып тіреумен эзер тұрған жар басындағы жарбиған жеркепе, сондағы бір үйлі жанның күңгірт тірлігі; шындық міне – өмір бойы қой соңында салпақтап келіп-келіп ең ақырында қартайып алжыған соң көшке ере алмай жұртта ұлып қалған кәрі төбеттей не адамға, не құдайға керексіз боп қараңғы бұрышта бүк түсіп жатқан мынау ауру шал; шындық мынау – шыққан шөбі, аққан суы – у, тіршілік иесіне ажал сыйлап ақ кебін жамылып жатқан өлі дала; шындық – анау биік жалдың астындағы «Социализм» деген селодағы радиация індетінен аман қаламыз ба деген далбасамен жетідегі баласынан жетпістегі кәрісіне дейін арақ ішіп азып-тозып, аузын ит жалап, шарбақ түбінде қаусап жатқан ел... Осының бәрі: міне, мені көр, мені айт деп көзге шұқып, құлаққа айғайлайды. Бірақ оны көруге, айтуға болмайды» [Сәукетаев Т., 2011].

Шығармада кеңестік тоталитаризмнің шектен шыққан құбылыстарымен қатар, мансап жолында аянып қалмайтын билікқұмар партия қайраткерлерінің тоғышарлығы, бойында ыза мен ұлттық намысы алаулаған саналы қазақ жастарының жанайқайы контрасты түрде көрініс тапқан. Сондай-ақ, осыған дейін тарихи құжаттар мен зерттеулерде ашық жазылмай, тек халық көкейінде болжам-гипотеза түрінде айтылып келген мәліметтер жалтақсыз, бүкпесіз баяндалады. Тағы да ғалым Ш.Елеукуеновтің пікіріне назар аударсақ, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі ұлттық әдебиетке де ерекше ықпал еткеніне көзіміз жете түседі: «Еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрес тақырыбы енді қазіргі тарихи романның жаңа беттерінің сүбелі бөлігін құрап отыр. Тәуелсіздік жазушылар санасына күрт өзгеріс енгізді. Қазіргі тарихи романның өткенге сұрау салуы бұрынғыдан батылырақ, ауқымдырақ.

Бұлжымас принципі – шындық. Әр дәуірдің күнгейі мен теріскейін қаз қалпында көрсете білу. Сөйтіп ата-бабаларымыздың ұлағатты сөзін қару ету» [Елеуєнов Ш., 2009].

**Талқылау.** Романдағы негізгі оқиғалар желісі бас кейіпкер Әзиз-Сұлтаннның айналасында өрбиді. Жазушы Т. Сәукетаев Әзиз-Сұлтан бейнесін сомдауда түптұлға (прототип) ретінде желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбековті негіз етіп алғанымен, жалпы желтоқсан көтерілісі кезінде жапа шегіп, қор болған қазақ жастарының типтік бейнесін береді. Автор өмірлік фактілерді көркемдік шындықпен қиоластыра отырып, намысшыл, рухты, нағыз қазақ жастарының шынайы үлгісін жасайды. Сонымен қатар, романдағы ақын О.Сүлейменов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов, М.Горбачев, Г.Колбин сынды сол тұстағы партия басшылары мен қоғам қайраткерлерінің тікелей өз есімдерімен аталуы шығарманың деректілігін, тарихилығын танытуға қызмет етіп тұр. «Әдебиетте халықтың тағдырын, елдік сипатын барынша айқын суреттеудің творчестволық ең өзекті жолы – өз бойына сол халқының ең жақсы, жарқын қасиеттерін мол сіңірген кесек те көркем, дара-дара образдар жасай алу» [Нұрқатов А., 1962], – дейді белгілі ғалым А.Нұрқатов. Бұл тұрғыда жазушы Т.Сәукетаев туған халқының асыл перзенті ретінде ұлт тағдырындағы аласапыран оқиғаны жан жүрегімен сезіне отырып, сол бір сұрапыл жылдардың шындығын көркем тілмен келістіре өрнектейді.

Роман «еңбегі еш, тұзы сор» шопанның баласы, студент жас Әзиз-Сұлтан мен паракорлықтың салдарынан оқуға түсе алмаған Сәбираның махаббатын суреттеуден басталады. Жас болса да өресі биік, ұстамды Әзиз-Сұлтан әкесінің сырқатын естіп ауылға келеді. Өмір бойы колхоздың қойын бағып, ауру болғаннан кейін үкіметке де керексіз болып қалған науқас әкенің мүсәпір хәлі, жапандағы жалғыз жыртық үй, тұрмыс тауқыметі ерте есейткен, сәбилік сезімнен ада кішкентай бауырларының аянышты түрі, ауру баққан, жоқшылық жүдеткен ана, жауырды жаба тоқыған партия басшылары... Міне, осындай қордаланған мәселелер онсызда «іші толған қыжыл, түртіп қалсаң лақ етіп төгілгелі тұрған» Әзиз-Сұлтанды еріксіз желтоқсанның «басбұзары» етеді.

Роман фабуласы әрі қарай Айтуаровтың жымьсықы әрекеттерімен, Қонаев – Горбачев, Колбин – Қонаев арасындағы текетірестермен, желтоқсан жастарына аяусыз жасалған қиянаттармен қоюлана түседі. Автор ұлттық мүдденің соншалықты жоғалып, ұлтсыздық жайлаған қоғамның келбетін танытуда әр түрлі монолог, диалог, полилог сынды көркемдік амал-тәсілдерді шебер пайдаланады. Әсіресе, алаңдағы бейбіт шеру кезіндегі арандатушылық интриганы, республиканы қырық жыл басқарған Дінмұхамед Қонаевтың айналасында болған арпалысты, «құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайтын» заманның кейіпкерлерін танытуда аталған тәсілдер айрықша қызмет атқарған. Қаламгер шеберлігінің бір қыры романдағы күрделі образдардың бірі Айтуаровты такқұмар, пысықай, сатқын, өзінен лауазымы жоғары адамдардың «бәтіңкесін мұртымен шөткелейтін» жағымпаз ретінде кескіндегенімен, болашақ саяси қайраткер ретіндегі бейнесін аса шынайы суреттейді. «Айтуаров білім-парасаты, қарым-қабілетімен мойыны озып, ешқашан жарқырап көрінген емес. Бұл жағынан қоңыртөбел. Тек пысықтыққа келгенде алдына жан салмайтын. Жақсы атағы шығатын, көрініп қалатын жерді құр жібермейді. Ондайда ештеңеден қымсынбайды, ұят-намысты белден басып жүре береді» [сонда, 26 б]. Бұл үзіндіден Айтуаровтың шығармадағы негізгі миссиясы, шынайы бет-бейнесі танылады. Жазушы кейіпкер характерін динамикалық түрде дамыту арқылы оқиғаны ширата түседі. Оған көз жеткізу үшін тағы төмендегі үзіндіге назар аударайық: «Михаил Сергеевич сонау Ставрополь өлкесінен ауылшаруашылық жөніндегі хатшы боп топ ете түскенде-ақ, бұл жігіттің алысқа шабатынын сезе қойған. Қылыштың жүзінде қылпып тұрған жас, экономика мен саясатқа бірдей жетік эрудит. Жан-жақты білімдар. Маргарэт Тэдчермен ағылшынша сөйлесіп, ағылшынша интервью бергенінің өзі неге тұрады. Совет басшыларын қашан да іліп-шалып, қағытуға құмар Батыс баспасөзі бұған келгенде аузына құм құйылды, «жаңа тұрпатты басшы» деп әндерін өзгерте бастады» [сонда, 42 б]. Жазушы кейіпкер мінезін ашуда терең психологиялық ізденістерге бара алған. Бір адамның теріс қылықтарын суреттеп, жағымсыз бейне тудыра отырып, оның жан-жақты көшбасшылық қырын объективтік тұрғыда қоса

көрсетеді. Нақтылай түссек, автор Айтуаровтың мінез-құлқын, ішкі түйсігін, сөйлеу машығын, тіпті қимыл-әрекетіне дейін оқырманға мөлдірете жеткізеді. Романдағы күрделі тұлға Айтуаров оқырман ойын сан-саққа жүгіртіп, әр түрлі әсерде қалдырады, әрі мұндай жалқы көркем бейнеден қайшылықты образ жасау жазушының шеберлігі десек қателеспейтініміз анық.

Сондай-ақ, жазушы романда пейзаждық суреттеулерге ерекше орын береді. Және классикалық пейзажды қолданудан гөрі образды ойларға құрылған табиғат суреттерін жиі келтіреді. Мәселен желтоқсандағы қаһарлы күндер елесін, «қазақтың бірге жасасып келе жатқан жақсымен алысу қасіретін» көрсетуде автор пейзажды символдық тұрғыда қолданады. «Күз. Салбыраған сұрғылт аспан толассыз сіркіреп жылаудан көз ашпайды. Жалыны өшкен сыз қабақ әлем. Ақын көкірегі одан да күңгірт. Табан астында жататын қор, шіріктер бақайынан шалып омақастырды» [сонда, 262 б]. «Жұлдыз жоқ, меңірейген бітеу аспан. Түнерген қараңғылықпен бірге әлдебір қорқау пиғыл қорқыныш та Алаңға қарай жер бауырлап жылжып келе жатқандай» [сонда, 293 б]. Мұндағы пейзаждық өрнек өзінен асқанды жау санайтын қиянатшыл топтың қысастығынан зәрезап болған ақынның көңіл-күйін, алаңға қарай жылжып келе жатқан қара түнек алдағы болар үлкен трагедияны астарлап тұрғандай. Халқымыздың таным-түсінігі бойынша «түнерген қараңғылық» қашанда жамандық атаулының ассоциациясы ретінде сезіледі. Келтірілген бұл мысалдардан пейзаждың символдық бейнелеуден асып ұлттық код дәрежесін иеленгенін аңғарамыз. Сонымен қатар, шығармада табиғат суреттерімен адам мінезін, қоғам келбетін қарама-қарсы қояды. Яғни қаламгер табиғат көріністерін сипаттай отырып, қоғам мен ондағы адамдардың іс-әрекеттерін, олардың жандүниесіндегі құбылыстарды, тағдыр талқысына түскен жандардың көркем бейнелерін танытады. «Қу медиенде ғайыптың күшімен бәйтерек өсіп тұрмай ма жападан жалғыз. Айналасы тып-типыл, ықтасын болар ештеңе жоқ. Оңынан да, солынан да ұйытқыған алапат дауыл мен жауынға сүйегі сықырлап жалғыз өзі алып денесін тосуға мәжбүр. Иіле алмайды, майыса алмайды, өйткені – алып, жеті қабат жер түбінен нәр татқан діні сом. Сондықтан майысқақ шіліктен гөрі бәйтерекке дауылмен айқасу әлдеқайда қиынырақ – сынып, түбірімен опырылып түскенше қарсы қарап қайқайып тұра береді.» [сонда, 462 б]. Романдағы бұл үзінділер ақын О.Сүлейменовтің әдеби бейнесін сомдауда қолданылған. Биліктің қыспағына ұшырап, жалғыз қалған ақынның жалақорлардың жаласымен алысуға мәжбүр болған күйін автор дауылға қарсы айқасқан алып бәйтерекке теңейді. Бұл қаламгердің пейзаждық кейіпкеу арқылы адам образын көрсетуге тырысқанымен, сол пейзаж арқылы өз санасындағы ширыққан ойды, өзінің жан сырын, философиялық көзқарасын көрсеткісі келгеннен туған ішкі монологы тәрізді.

Әр заманның өз «Батыраштары» болатынын, оларға қарсы елінің қамын жеген нағыз азаматтардың ғана қайраты жетіп қарсы тұратынын осындай философиялық толғамдармен жеткізеді.

Романда кеудесінде ұлттық намысы атойлаған наркескендей әр рухты қазақ жастарын алаңға шығуға итермелеген құдіретті күш – жылдар бойғы еріксіз қаумалаған құлдық психология екенін туындыгер тарихи дәлдікпен суреттейді. Қазақ тарихында орын алған ащы шындықтарды авторлық, лирикалық шегіністер арқылы әсерлі бейнелейді. «...Ақбоз аты арқырап, алдаспаны жарқылдап Кенесары бабам өзі бастап жүрді. Азаттық деп ақырған айбынды үні екі ғасырдан соң саңқылдап Алаңға жетті. Қайран Бабам! Ата жауының қолы от қаруға жеткенде әлі жалаң қылыш ұстап жайбарақат жүрген мешеу ортада туып қор болдың-ау. ...Бүгін Хан Кене тіріліп кеп Алаңда ұран салды. Енді қазақты тоқтатып, көр! Әр қазақтың жүрегінде азаттық аңсаған бір-бір Кенесары оянды!..» [сонда, 311-312 бб]. Автор кейіпкер аузымен баяндалатын осы жолдар арқылы тарих қойнауынан сыр шертеді. Елінің азаттығы үшін айқасқан батыр баба Кенесарының рухы мен намысы, араға екі ғасыр салып қазақ жастарының жанартаудай атқылаған кегіне, киелі ұлтшылдық сезімдеріне ұласқаны ақиқат биігінен суреттеледі.

Шығарманың ерекше көңіл аудартатын тағы бір тұсы – кешегі ұлтшыл ақын Сәкен Сейфуллин жатқан камераға Әзиз-Сұлтанның да қамалуы. Жазушы ұрпақтар сабақтастығын

көрсетуде осылайша ұтымды тәсіл тапқан. Яғни өткен тарихқа назар аударта отырып, бүгінгі күннің де проблемасын көтереді. «Бұл – елу жыл бұрын Сәкен Сейфуллин жатқан N13 камера еді. Жарық дүниедегі ақырғы түні осында өткен. Естір құлақ, сезер жүрек болса, мынау тас қабырғаларда ақынның күңіренген өкінішті һәм өксікті үні жаңғырып тұр, әр бұрышта мөлдіреген мұңлы жанарының сәулесі қалған...

– Бүгілме, көтер еңсеңді, бауырым! Түрегел! – орнықты қоңыр даусын көтеріп, қолын созып еді, еңкейгенде жақыннан жүзін көріп бұл шыңғырып жібере жаздады. Бір қасы жоғары, бір қасы төмен, бір көзі жұмық, бір көзі айналып сыртына шығып кеткен; мұрнының жотасы жапырайған, аузы опырайған; мұрттың бір шалғысы бар, бір шалғысы жоқ, күйген бе, жұлынған ба – белгісіз. Кейіпсіз құбыжық!..

– Сізді бұлай көрмей-ақ қойғаным жақсы еді!

– Бұл – менің бетім емес, заманның беті, жауыздықтың жазуы, бақиға алып кеткен еншім» [сонда, 419-420 бб]. Міне, ғасырдан-ғасырға жалғасқан кеңестік жүйенің шырғалаңын, қызыл империя құрбандарын автор осы қысқа ғана эпизодқа сыйдырады. Және автор неліктен дәл Сәкен Сейфуллинді таңдады? «Мағжанмен алысқанша, Мағжанмен жарысып, маржандай жыр жазсамшы! Бәлкім, өмірімнің бұлай қасыретпен аяқталуы сол бағландардың обалына қалғандығымнан шығар?» [сонда, 424 б.] «...Бір ғажабы, осындай қиналып, есеңгіреген сәттерде кешегі өзім алысып көп қиянат көрсеткен Алаштың арыстары қаз-қатар тізіліп көз алдыма елестейді. «Тар жол, тайғақ кешуде» аяусыз шенеп, өлтіре соққам шетінен. Кейін сол сөзімді айғақ қып НКВД жендеттері көбінің түбіне жетті ме деп қорқамын. Аузымнан қара қан ағып қиналған бейшара түріме анадайдан сырбаз қалпымен қолдарын арқасына айқастыра ұстап Әлекең, Халел, Нәзірлер қарап тұрады. «Шоқ-шоқ, сол керек!» деген табалау емес, тұнжырап, аянышпен қарап тұрады...» [сонда, 425-426 бб]. Өз дәуірінде большевиктік идеологияның жақтаушысы болған Сәкен мен Алаш арыстары арасындағы алауыздық көпшілікке белгілі. Жазушы осы бір керек жерінде «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығара алмаған қазақ зиялыларының ымырасыздығын Сәкеннің өкініші арқылы кестелейді. Шығармадан автордың идеялық нысанасы қылаң береді. Жазушы Сәкеннің кісілік келбетін сын тезіне салуды мақсат тұтпайды, бірақ өзі баяндаған жайттардың оқырман көзқарасынан алшақ кетпейтінін анық ұқтырады. Сәкен мен Әзиз-Сұлтан арасындағы диалогтар арқылы автор кейіпкер образын тұлғаландырады, аруақ культін алға шығарады.

«Желтоқсан көтерілісін соншалықты шынайы суреттеген көркем туындыны сезімнің терең түйсігімен оқымай түсінем деу бекершілік. Қаламгер аталмыш туындысында сол тұстағы болып өткен оқиғаны жан-тәнімен ұғына отырып, жүрегінің қыл пернесі арқылы сезіне отырып, жаны қан жылап жазып шыққан. Ондағы қайбір оқиға желісі, кейіпкерлер болмысы, ішкі психологиялық тартыстар, адамдар арасындағы қарым-қатынас, қоғамдағы қарама-қайшылық сол кезеңдегі болып өткен тарихи оқиғаның көркем туындыдағы шынайы көрінісі екендігі сөзсіз. Демек, «Айқараңғысы» романы еліміздің тәуелсіздікке жету жолындағы қасіретті тарих беттерін бейнелеу арқылы тәуелсіз қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған көркем туынды екендігі даусыз» [Мұқашев Т., 2013].

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, жазушы Тұрысбек Сәукетаев қазақ халқының қасіретті тарихын арқау еткен «Айқараңғысы» романы арқылы үш ғасырға жуық бодан болған елінің тәуелсіздік жолындағы күрестерінің соңғы сәттерін батыл суреттейді. «Шындық – күрделі болса, одан туған шығарма да – күрделі», [Қабдолов З., 1995] – деп академик З.Қабдолов айтқандай, «Айқараңғысы» – өзінің көркемдік қуатымен, стильдік даралығымен, оқиғасының шынайылығымен тарихи романдар қорын байытқан соқталы туынды. «Тарихи романдар бұл ұлттың өзіндік болмысын саналы түрде қалыптастырудың заңды мұрасы болумен ғана шектелмейді, сонымен бірге ұлтшылдық дискурстың нығаюына ықпал етеді. Белгілі бір мағынада, тарихи романның басталуы ұлттық идея туралы кең сананың пайда болуымен ұштасады». [Farahmandfar, M., Household-Ikhan, S.C., 2017]. Расында да қаламгер Т.Сәукетаевтың «Айқараңғысы» романы тарихи шындыққа негізделген көркемдік құндылығымен ұлттық сананы жетілдіру жолындағы миссиясын абыроймен орындаған тың

туынды деуге болады. Автор ұлт тарихындағы сұрапыл оқиғаға құрылған дәуір шындығын көрсетуде тарихилық принциптен ауытқымай, ұлттық идеяға адалдығын танытады. «Роман об историческом прошлом также обращен в историю, но, в отличие от исторического романа, в нем в качестве главных персонажей не фигурируют исторические личности, не затрагиваются широкие исторические события, хотя сюжет романа зачастую построен на проблеме судьбы отдельного человека в какой-то переломный исторический момент. Персонажи данного инварианта вымышлены, преобладает художественная условность и авторская фантазия. В данном случае автор имеет право интерпретации, не претендуя на историческую достоверность, так как задачей романа об историческом прошлом является, в большинстве случаев, проблема простого человека в контексте исследования прошлого народа. Хронологически этот тип романа может быть обращен к любому периоду истории, в том числе и не столь отдаленному, как исторический роман» [Жачемукова Б.М., Бешукова Ф.Б., 2011], – деген Ресей ғалымдарының пікіріне сүйенсек, суреткер Т.Саукетаевтың желтоқсан шындығын арқау еткен бұл шығармасында да 1986 жылғы дүрбелеңнің ақиқаты кейіпкерлер болмысы арқылы ашылады. Сондықтан болар, аталмыш шығарма желтоқсандағы тарихи шындық эволюциясын танытуда өзіндік орны бар айрықша туынды болып қала бермек. «Тарихи өткен дәуір шындығын көркем суреттеу дәстүрінің қазақ әдебиеті топырағында туып, қалыптасуы, өркендеуі – өте күрделі және заңды құбылыс» [Дәдебаев Ж., 1991]. Осы бір күрделі құбылыс Т.Саукетаевтың «Айқараңғысында» тарихи деректер мен ғалымдар еңбегінде сөз болатын фактілерді барынша қамти отырып, көркемдік болжалға негізделеді.

**Жуматаева А. Н.**

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

г. Алматы, Казахстан

[aidanaz@mail.ru](mailto:aidanaz@mail.ru)

### **ПРАВДИВОСТЬ ВРЕМЕНИ В РОМАНЕ Т. САУКЕТАЕВА «ЛУННАЯ ТЬМА»**

**Аннотация:** В данной статье проводится научный анализ романа «Лунная тьма», написанного Т. Саукетаевым о декабрьской революции 1986 года. Автор всесторонне рассматривает в романе взаимодействие исторической реальности и художественное решение, вопрос человеческой судьбы. Также анализируются символическая ценность пейзажной зарисовки, поэтика авторского образа в дискурсе писателя. В статье отражаются психологическое состояние и внутренний характер людей которые отразили политической системы в повествовании автора. А также политические и социальные факторы, такие как сопротивление национальным интересам в советский период, описанные в сюжете проблемы, основаны на жесткой идее. Обсуждаются обзор имиджа писателя, сюжет и видение автора.

**Ключевые слова:** истина декабря, роман, пейзаж, внутренний монолог, национальная честь, символический образ, культовое понятие, национальная трагедия.

**Zhumataeva A.N.**

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov,

Almaty, Kazakhstan

[aidanaz@mail.ru](mailto:aidanaz@mail.ru)

### **THE TRUTH OF THE TIME IN THE NOVEL BY T. SAUKETAEVA «MOONLIT DARKNESS»**

**Abstract.** In this article presents a scientific analysis of the novel «Moonlight darkness» written by T. Sauketaev about the December 1986 revolution. The author comprehensively

examines in the novel the interaction of historical reality and the artistic solution, the question of human destiny. Also analyzed are the symbolic value of landscape sketching, the poetics of the author's image in the writer's discourse. The article reflects the psychological state and internal character of the people who reflected the political system in the author's story. As well as political and social factors, such as resistance to national interests during the Soviet period, the problems described in the plot are based on a hard idea. We discuss the review of the image of the writer, the plot and the vision of the author.

**Keywords:** December truth, novel, landscape, inner monologue, national honor, symbolic image, cult concept, national tragedy.

#### Information about authors:

Zhumataeva A.N. Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan [aidanaz@mail.ru](mailto:aidanaz@mail.ru). ORCID iD: 0000-0003-2236-9549

### ӘДЕБИЕТ

1. Әбелдаев Ж. (2019). Ә. Түріктің қазіргі тарихи романы. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, Шығыстану сериясы. №2 (89). – 34-б. (каз.)
2. Елеуқенов Ш. (2007). Тәуелсіздік биігінен. – Алматы: «Арда». – 400 б. – 3-б. (каз.)
3. Саукетаев Т. (2011). Айқараңғысы. – Алматы: ҚазАқпарат. – 560 б. – 20 б. (каз.)
4. Елеуқенов Ш. (2009). Тарихи романның жаңа өрісі. Кітапта: Қазақ романы: өткені мен бүгіні: ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі». – 469-б. (каз.)
5. Нұрқатов А. (1962). Идея және образ. – Алматы: ҚМКӘБ, – 324 б. – 15-б. (каз.)
6. Мұқашев Т. (2013). Жанға түскен жара немесе 1986 жыл роман желісінде. Қаралған күні: 28. 02. 2017. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=12400> (каз.)
7. Қабдолов З. (1995). Сөз өнері. Алматы: Санат. – 456 б. – 16-б. (каз.)
8. Farahmandfar, M., Household-Ilkhani, S.C. Викториан дәуірі кезіндегі тарихи романды зерттеу (2017) гуманитарлық ғылымдар саласындағы панаралық зерттеулер бойынша Rupkatha журналы, (Scopus) 9 (1), 46-55-бб. (ағыл.)
9. Жачемукова Б.М., Бешукова Ф.Б. (2011). Тарихи роман жанрының көркемдік ерекшелігі. Адыгей мем. университетінің Хабаршысы (РИНЦ). 2 сериясы: филология және өнертану, № 1. – 11-б. (орыс.)
10. Дәдебаев Ж. (1991). Өмір шындығы және көркемдік шешім, Алматы: «Ғылым» баспасы, – 208 б. 3-б.

### ЛИТЕРАТУРА

1. Абельдаев Ж. (2019). А. Современный исторический роман турки. Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, Серия «Востоковедение». № 2 (89). – с. 34 (каз.)
2. Елеуқенов Ш. (2007). Независимости с высоты. – Алматы: «Арда». – 400 с. – 3-с. (каз.)
3. Саукетаев Т. (2011). Лунная тьма. – Алматы: ҚазАқпарат. – 560 б. – 20 б. (каз.)
4. Елеуқенов Ш. (2009). Новое поле исторического романа. В книге: Казахский роман: история и современность: коллективная монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі». – 469-с. (каз.)
5. Нурқатов А. (1962). Идея и образ. – Алматы: ҚМКӘБ. – 324 с. – 15-с. (каз.)
6. Мукашев Т. (2013). Раны души, или 1986 год в линии романа. Дата рассмотрения: 28. 02. 2017. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=12400> (каз.)
7. 7. Кабдолов З. (1995). Искусство слова. Алматы: Санат. – 456 с. – 16-с. (каз.)
8. Farahmandfar, M., Household-Ilkhani, S.C. Исследование исторического романа в течение викторианская эпоха. (2017). Журнал Rupkatha по междисциплинарным исследованиям в области гуманитарных наук, (Scopus) 9 (1), стр. 46-55-pp. (англ.)
9. Жачемукова Б.М., Бешукова Ф.Б. (2011). Художественная специфика жанра исторического романа. Вест. Адыгейского гос. ун-та (РИНЦ). Серия 2: филология и искусствоведение, № 1. – С. 11-17. (рус.)
10. Дәдебаев Ж. (1991). Реалии жизни и художественное решение. Алматы: «Ғылым», – 208 с. 3-с. (каз.)

### REFERENCES

1. Abeldaev Zh. (2019). Tүriktin kazirgi tarihi romany. Al-Farabi at-gy KazUY Habarshysy, «Shygystanu» seriyasy № 2 (89). – 34-b. (kaz.)
2. Eleukenov Sh. (2007). Tauelsizdik biyginen. – Almaty: «Arda», – 400 b. – 3-b. (kaz.)
3. Sauketayev T. (2011). Aikarangysy. – Almaty: KazAkparat. – 560 b. – 20 b. (kaz.)
4. Eleukenov Sh. (2009). Tarihi romannyn zhana orisi. Kitapta: Kazak romany: otkeni men bugini: uzhyndyk monografiya. – Almaty: «Almaty baspa yui». – 469-b
5. Nurkatov A. (1962). Ideya zhane obraz. – Almaty: ҚМКӘБ. – 324 b. – 15-b. (kaz.)
6. Mukashev T. (2013). Zhanga tusken zhara nemese 1986 zhyl roman zhelisinde. Karalghan kuni: 28. 02. 2017. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=12400> (kaz.)
7. Kabdолоv Z. (1995). Soz oneri. Almaty: Sanat. – 456 b. – 16-b. (kaz.)
8. Farahmandfar, M., Household-Ilkhani, S.C. Viktorian дәuiri kezindegi tarihi romandy zertteu (2017) gumanitarlyk gylymdar salasыndagy panaralyk zertteuler boiynsha Rupkatha zhurnaly, (Scopus) 9 (1), 46-55-bb. (eng.)
9. Zhachemukova B.M., Beshukova F.B. (2011). Tarihi roman zhanrynyn korkemdik erekshelegi. Adygej mem. universitetinin Habarshysy (RINC). 2 seriyasy: filologiya zhane onertanu, № 1. – 11-b. (rus.)
10. Dadebaev Zh. (1991). Omir shyndygy zhane korkemdik sheshim, Almaty: «Gylym». – 208 b. 3-b. (kaz.)

